Қосымша 1

Қарағанды облысы педагог қызметкерлерінің ғылыми-практикалық конференциясының
ережесі
«Кәсібилік, инновация, шығармашылық – сапалы білім негізі»

1.Жалпы ереже

Ғылыми-практикалық конференция Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының 2013-2014 оқу жылына арналған жоспарына сәйкес өткізіледі және педагогтердің зерттеушілік және шығармашылық жұмыстарының қортындысын жинақтау болып табылады.

2.Конференцияның мақсаты мен міндеттері

2.1. Ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты – облыс педагогтерінің кәсіби және әдістемелік деңгейін жетілдіруге жағдай жасау.

2.2.Міндеттері:

- сапалы білім беруді қамтамасыз ету бойынша инновациялық практиканың өнімді педагогикалық тәжірибелерін анықтау және тарату.
- ұстаздардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, ғылыми-әдістемелік бастамаларын ашуға қолдау көрсету.
- педагогтердің кәсіби дамуын және өз білімін көтеру үдерісін ынталандыру.

3.Конференция жұмысының бағыттары:

- заманауи білім беру ұйымдары жағдайындағы басқару қызметі;
- білім беру үдерісі субъектілерін дамыту және білім сапасын жетілдіру бойынша мектептің инновациялық қызметі;
- мұғалім мен оқушының жеке және шығармашылық әлеуетін дамытудың жаңа тәсілдері, формалары, әдістері;
- педагогтің кәсіби қызметінің инновациялық модельдері.
- педагогтің тәжірибелік-сараптамалық және зерттеу жұмыстарының нәтижелері;
- сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетте пәнаралық кіріктіру тәсілін қолдану;
- кәсіби оқыту және оқушылардың бейіналды даярлық жүйесін дамыту;
- Білім беру қызметінде ақпараттық технологияны тиімді пайдалану;
- 12 жылдық білім беруге көшу;
- ата-аналармен табысты қарым-қатынас;
- тәрбиенің инновациялық тәсілдері;
- сыныптан және мектептен тыс жұмыс түрлері;
- оқу-тәрбие үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- инклюзивті білім беру;
- баланың дамуы және оңалуы;
- оқушылар мен ұстаздардың денсаулығы.

4.Конференцияға қатысушылар: